

Еңбекшіқазақ ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 68-200 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 5 қазанда № 5692 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Еңбекшіқазақ ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және де материалдық - техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

2) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Заңның 9-бабы 5-тармағына сәйкес пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары кемінде 150 метр арақашықтықта айқындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Еңбекшіқазақ ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаттың "Әлеуметтік салаларды дамыту мен заңдылық, құқықтық тәртіп, қоғамдық келісім, жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының сессия төрағасы
Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының хатшысы

B. Вальков
Б. Ахметов

Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қыркүйегі № 68-200 шешіміне 1-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

№	Елді мекен	Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар	Шекті толу нормалары	Материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
1	Есік қаласы	"Тұманбай Молдағалиев атындағы аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының алдындағы алаң	3000 адам	- жарықтандыру; - электр қуат көзіне қосылу нүктесімен қамтамасыз ету; -бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету.
2	Есік қаласы	Шеру мен демонстрация маршруты – Торговая көшесі мен Ш.Уалиханов көшесінің қиылсысынан Ш.Уалиханов көшесі бойымен "Тұманбай Молдағалиев атындағы аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының алдындағы алаңға дейін.	2000 адам	-маршрут бойындағы көшениң жарығы бар; -бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету.

Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 кыркүйегі № 68-200 шешіміне 2-косымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі Заңның 8-бабына сәйкес өзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар – Еңбекшіқазақ ауданының жергілікті өкілді органы бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар немесе жұру маршруты.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арнайы орындарда – сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара.

Заңды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы", "Соғыс жағдайы туралы" және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде үйымдастыруышы және қатысушылар Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын сактау қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК